ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Сәт сапар, балеттің болашағы!

Түлектердің бітіру кеші – бұл білім ордасы тарихына енетін негізгі әрі қуанышты оқиға. Сол себептен де әр білім алушының жұлдызды сәттерінің бірі – осы кеш.

Иә, студенттің таңдаған мамандығы бойынша бірнеше жыл талмай-тынбай оқығандығын, білікті маман екендігін куәландыратын құжат дәл осы күні жүректері толқыған түлектердің қолына табысталады. Ал ол дегеніміз – жас маманның аудиториямен қоштасып, өмірдің жаңа белесіне қадам басқандығының бірден-бір дәлелі.

Өткен аптада «Астана Опера» театрының мәрмәр залында Қазақ ұлттық хореография академиясы түлектері де осындай тамаша кештің жұлдыздары атанды. Камералық симфония оркестрінің сүйемелдеуінде орындалған «Жастар вальсінің» ырғағында мың бұрала билеп ортаға шыққан балеттің болашақ білгірлері салтанатты кештің сәнін кіргізді.

Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова жас мамандарға өз құттықтауын жеткізе келе, Қазақстан мәдениетіне ғана емес, күллі әлем мәдениетінің дамуына үлес қосқысы келетін әрбір түлектің еліміз үшін маңыздылығын атап көрсетті. Айтулы жиынды өзінің құттықтау лебізімен жалғаған Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей халық әртісі Алтынай Асылмұратова бүгінгі шәкірт, ертеңгі әріптестеріне ақ жол тілеп тұрып, дипломдарын табыс етті.

Биыл үшінші толқын түлектерін ұясынан ұшырғалы отырған білім ордасының осы уақыт аралығында ауыз толтырып айтарлық жетістігі мен жеңісі жеткілік. Оны академия проректоры Бибігүл Нүсіпжанова зор мақтанышпен атап өтті.

– Бұл күн Қазақ ұлттық хореография академиясы тарихындағы ең маңызды оқиға болып саналады. Өйткені біздің төрт жыл бойы баптап, білім нәрімен сусындатқан түлектеріміз үлкен сахнаға жолдама алып, қанат қаққалы тұр. Біздің әр студент – талантты, сұлу. Сондықтан да балет өнерінің ертеңі жарқын болады деп сеніммен айта аламын. Біздің балаларымыздың тек керемет балет бишілері ғана емес, ең бастысы, еліміздің лайықты азаматтары болуын қалаймын, – деді проректор өз сөзінде.

Бибігүл Нұрғалиқызы атап өткендей, биылғы оқу жылында Қазақ ұлттық хореография академиясының 5 магистрі, 17 бакалавр және 21 техникалық және кәсіптік білім беру мамандығының студенттері кәсіби маман атанып, білім шаңырағына қимастықпен қол бұлғады. Түлектерді ересек өмірге аттандырған айтулы шара Иоганн Штраустың әсем вальсімен әдемі нотада өз мәресіне жетті.

Айна АЛПЫСБАЙ,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің студенті

БАЙҚАУ

Жас өнерпаздар топ жарды

Елордада «Ұлттық домбыра күні» мерекесіне орай өтіп жатқан «Қасиетті домбыра» республикалық байқауы мәреге жетті. Салтанатты марапаттау кешінің соңы гала-концертке ұласып, жеңімпаз ұландар өнерін ортаға салды.

Ая ӨМІРТАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Байқау дарынды оқушыларды анықтау, музыкалық шеберлікті арттыру және жас музыканттардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, ұлттық өнеріміздің ұлықтауды мақсат етеді. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен 12 жастан 16 жасқа дейінгі 35 жас өнерпаз қатысты. Жиында сөз алған «Jas Otan» жастар қанатының төрағасы Дәулет Кәрібек қоғамды ұлттық мәдениет пен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында өткізіліп отырған жиынның жас ұрпақ үшін маңызды екеніне тоқталды. Қазақ ұлттық өнер университетінің шығармашыл тобынан құралған әділқазылар шешімімен «Үздік күйші» аталымы бойынша Бекасыл Сабыров (Атырау облысы) 1-орын, Бақдәулет Жанатбек (Жамбыл облысы) 2-орын, Сырсұңқар Базарбайұлы (Қызылорда облысы) 3-орынға ие болды. Ал «Үздік термеші» аталымына Нұрасыл Азат (Нұр-Сұлтан қаласы) 1-орынға, Жансая Файзуллақызы (Қызылорда облысы) 2-орынға, Айжұлдыз Құлымжан (Атырау облысы) 3-орынға лайық деп танылды. «Дәстүрлі әнші» аталымы бойынша Бекболат Бақтиярұлы (Жамбыл облысы) бірінші жүлдені жеңіп алса, Жанарыс Табылдыға (Атырау облысы) жүлделі екінші орын, Шұғыла Нұрбайға (Нұр-Сұлтан қаласы) жүлделі үшінші орын бұйырды. Конкурсқа қатысқан өзге өрендерге сертификаттар мен ақшалай, бағалы сыйлықтар үлестірілді.

Республикалық, халықаралық байқаулардың жүлдегері атанып жүрген атыраулық Бекасыл Сабыров осы жолы да «Үздік күйші» аталымы бойынша топ жарды. Салтанатты кеште Құрманғазының «Көгала ат» күйін нақышына келтіре шебер орындаған ол болашағын күйшілік өнерімен байланыстырады.

«Алғаш домбыраны сегіз жасымда қолға ұстадым. Домбыраны үйретіп, өнерге баулыған Самал Мүтейова есімді ұстазыма алғыс білдіремін. 2-сынып оқып жүргенімде анам «сенен күйші шықпайды» деп домбыра үйірмесіне қатысуыма қарсы болған еді. Бірақ өзім айтқанымнан қайтпай қатысам деп шешкен едім. Бүгінгі болған жарыс бізді жаңа достармен таныстырды. Байқау алдағы уақытта жалғасса деймін. Болашақта атақты күйші болуды армандаймын», дейді Атырау балалар саз мектебінің оқушысы Бекасыл Сабыров.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Роботтар сурет салып, мина іздейді

Талдықорғандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары құрастырған роботтар «ең ақылды» деген атаққа ие болды. Жақында Павлодар қаласында өткен «WRO-2019» ұлттық чемпионатына қатысқан жетісулық жас зияткерлердің еңбектері жоғары бағаланды.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Робот техникасын құрастырушы үздіктерді анықтайтын жарысқа биыл 240 оқушы қатысыпты. Ұлттық чемпионаттың осы жылғы тақырыбы «Smart Cities» деп аталыпты. Балалар өз жобаларын жеке аталымдар бойынша қорғап, құрастырған роботтарының жұмысын таныстырды. Талдықорғандық оқушылар бұл сайыста 4 бірдей жоба қорғады. Жетістік те жоқ емес. Мәселен, Open Senior санатында Талдықорғандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Даниил Филимонов пен 9-сынып оқушысы Элина Пак ұсынған «Суретші-робот» жобасы топ жарып, бірінші орын алды.

– Оқушылардың «Суретші-робот» жобасы ұтымды шықты. «Ақылды» техника мектепке дейінгі даярлық сыныбының тәрбиеленушілерін сурет салу мен жазуға үйретеді. Мұнда үлкен ерекшелік, робот нейронды жүйе арқылы оқушыларға сурет салу мен жазу қимылын үйретіп қана қоймай, олардың жұмыстарын өздігінен салыстырып бағалау қабілетіне ие, – дейді робот техникасы сыныбының мұғалімі Николай Авдюнин.

Ал бастауыш сыныпта оқитын Никита Пак пен Ангелина Долженко құрастырған «Тапқыр-робот» чемпионаттың Open Elementary санатында жүлделі 3-орынға ие болды.

Сондай-ақ, «WRO-2019» ұлттық чемпионатына талдықорғандық балалар ұсынған «Сапер-робот» жобасы мамандардың қызығушылығын туғызды. Жарылғыш заттарды іздеп тауып, залалсыздандырумен айналысатын роботты 10-сыныптың оқушылары Ділназ Жемісбек пен Мадина Агыламхан құрастырған екен. Жас зияткерлерге Engineering Simplicity Honors Award сыйлығы тапсырылды.

Алматы облысы

МӘССАҒАН!

Хайп үшін «бауырсақ пісірді»...

Бақтияр ТАЙЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Қазір Қазақстанның көптеген аймақтарында әуе айналып жерге түскендей ыстық. Оңтүстік облыстардағы аптап тіршілік иелерінің бәрін бір тарының қауызына сыйдырып жіберетіндей кәріне мініп тұр. Әлеуметтік желіде Қызылорда облысында ыстықтың демі 60 градусқа жеткендігі айтылды. Соның дәлелі ретінде даладағы табаға май құйып, шыжылдатып бауырсақ пісірді. Бұл көрініс қаншалықты рас?!

Алайда, «Казгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының басшысы Әйгерім Жүкенова бұл ақпаратты жоққа шығарды.

– «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалы, 2019 жылдың 24-25 маусым күндері облыстың басым бөлігінде +43 +44 °С ыстық ауа райы күтілетіндігі туралы дабылды ескерту берді. 25-27 маусым күндері Иран аймағынан жылжыған жылы ауаның әсерінен облыстың басым бөлігінде +43+44 °С қатты ыстық байқалды, бірақ 60 °С ыстық тіркелген жоқ, – дейді ол.

Бүгінде арзан хайп үшін кез келген нәрседен сенсация жасайтындар көбейіп тұр. Біздіңше, ол әзілкеш табаны үйдегі көгілдір отынға әбден қыздырып алып, сосын күн көзіне шығарған сыңайлы.

Қызылорда облысы

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Нұрмұхамед БАЙҒАРА
Думан АНАШ
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Амангелді ҚҰРМЕТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Талғат БАТЫРХАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Мирас АСАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 12 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

© Материалдың жариялану ақысы төленген.
Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**
ТАРАЛЫМЫ 193 070 дана
ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Нөмірдің кезекші редакторы
Мирас АСАН